

## Мал шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлері бойынша анықтауды бастау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 399 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.*

1998 жылдың 28 желтоқсанындағы "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және мал шаруашылығы өнімінің ішкі рыноктағы бәсекелестік шарттарының бұзылуын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының аумағына, ұқсас немесе тікелей бәсекелесетін тауарлар импорты кезінде отандық өндірушілерге келтірілген шығын немесе келтірілуі мүмкін шығын мөлшерін анықтау үшін, қосымшаға сәйкес тауарларға қатысты **а н ы қ т а у д ы б а с т а с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін және Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқарушы комитетін қорғау шараларын қолдану мүмкіндігі мақсатында қосымшада көрсетілген тауарларға қатысты анықтауды бастайтын шешім туралы хабарласын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі анықтау рәсімі аяқталғанға дейін заңдарда белгіленген тәртіпте қосымшада көрсетілген тауарлар импортын лицензиялауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

Үкіметінің

2000

жылғы

15

наурыздағы

N

399

қаулысына

қосымша

Анықтау рәсімін жүргізуге негіз болған тауарлардың  
ТІЗБЕСІ

Тауар атауы	!	СЭҚ ТН коды
Ет және жас, мұздатылған		020711
немесе тоңазытылған Gallus		020712
domesticus [үйтауығы]		020713
түріндегі үй құсынан жасалған,		020714
ұқсатылған тағамдық азық-түлік		
Шұжықтар және еттен,		160100
ұқсатылған	ет-тағамдық	азық-
түліктен	немесе	қаннан
жасалған	соған	ұқсас
олардың	негізінде	өнімдер;
дайын азықтық тағамдар		әзірленген
Еттен, ұқсатылған ет-тағамдық		160250
азық-түліктен	немесе	қаннан
жасалған	басқа	дайын
консервіленген өнімдер		немесе